

ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ МЕН ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР САБАҚТАСТЫҒЫ: Е.А. БӨКЕТОВ МҰРАСЫ МЕН ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ КРЕАТИВТІ АЗАМАТ

Қуанбаева А.О., №39 орта мектебі, Қарағанды, Қазақстан

XXI ғасырда қоғамның даму бағыттары, оның рухани құндылықтары мен ұлттық болмысын сақтау - гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланысты. Атап айтқанда, философия, әдебиет, тарих, қоғамтану, педагогика салалары елдің дүниетанымдық өрісін қалыптастырып, мәдени кодын сақтауда ерекше рөл атқарады. Қазақ философиясының негіздері ежелгі түркілік дүниетанымнан бастау алып, Абай, Шәкәрім, әл - Фараби, Жүсіп Баласағұн секілді ойшылдардың мұрасында жалғасын тапты. Бұл идеялар қазіргі қоғамда гуманитарлық ғылымдардың жана парадигмаларын қалыптастыруға ықпал етуде.

Еркін ойлы ғалым, академик Е.А. Бөкетовтің шығармашылық еңбектері осы дәстүр мен қазіргі заман диалогының жарқын үлгісі. Ол әдебиет пен ғылымды қатар ұстап, гуманистік көзқарасты насихаттай отырып, ұлттық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты. Сонымен бірге, бүгінгі қоғамда креативті белсенді азаматтың қалыптасуы - гуманитарлық ғылымдар мен сыни ойлаудың нәтижесі деп айтуға толық негіз бар.

Қазақ философиясы – халықтың тарихы, дүниетанымы мен мәдени тәжірибесін бейнелейтін ілім.

Ежелгі дәуірде өмір сүрген әл – Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» еңбегінде білім мен тәрбиенің қоғам үшін шешуші маңызын айтқан болатын. Бұл пікірге тереңірек қарасақ, қазіргі педагогикадағы гуманистік бағыттармен сабақтастығын байқаймыз.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы ел басқару, әділет, парасат, қанағат қағидалары - гуманитарлық ғылымдардағы құндылықтық бағыттың іретасы екендігін мойындап отырмыз. Ал Абайдың қара сөздері адам болмысының этикалық, рухани қырларын ашып, ұрпаққа сыни ойлау мен өзіндік көзқарастың, ұлттық құндылықтың қажеттілігін дәріптеді: «Адам болам десеніз, бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол» деген ұстаным – бүгінгі қоғам үшін сан ғасыр өтсе де, өзекті бола бермек.

Қазақ философиясының өзегі - адам мен қоғамның үйлесімі, білім мен имандылықтың бірлігі. Бұл ойлар гуманитарлық ғылымдардың, әсіресе педагогиканың дамуына ықпал етіп, тәрбиенің негізгі қағидаларын айқындайды.

Еркін Ағманович Бөкетов - ғалым, жазушы, қоғам қайраткері. Еркін Ахметович химия ғылымының дамуына үлес қосып қана қоймай, әдебиет әлемінде де өзіндік ізін, ойын қалдырды. Оның шығармаларына тән басты ерекшелік - адамгершілік пен әділеттілік, адалдық идеяларын басты мәселе етіп көтереді.

Бөкетовтің әдеби еңбектері қоғамдағы моральдық құндылықтарды дәріптеп, жастарды білімді болуға шақырды. Ол әдебиет арқылы ғылымды насихаттап, шығармашылық пен еңбектің үйлесімін көрсетті. Е.Бөкетовтың «Ғылым – адамзат өркениетінің жүрегі, ал әдебиет – оның жаны» деген ұстанымы оның дүниетанымын анық айқындайды.

Е. Бөкетовтің ғылыми – әдеби қызметіне келсек, қазақ әдебиеті мен гуманитарлық ғылымдардың тоғысында ерекше орын алады. Ғалым ағамыз ұлттық мәдениеттің дамуына, әдеби мұраның байыттылуына зор үлес қосты. Оның шығармалары қазіргі жастардың сыни ойлауын, отансүйгіштігін қалыптастыруда үлкен маңызға ие.

Е.А.Бөкетовтың гуманистік ойлауын айқын бейнелейтін: «Сезімді тәрбиелеу – әннен, әдебиеттен, бейнелеу өнерінен, жалпы өмірдің ғажайып сезімін қалыптастыратын барлық нәрседен басталады. Ақындар мен ғалымдардың түпкі мақсаты бір - сұлулық пен кемелдікті іздеу. Жер бетіндегі ең игі де пайдалы істердің бәрі сұлулық заңына сәйкес жасалады. Және оның бәрін айналадағы адамдармен бөліскің келеді, сондықтан да мен әдебиетпен жан - тәніммен айналысамын...» Бұл дәйексөз арқылы ғалым ағамыз өнер мен әдебиеттің тәрбиелік мәнін айта келіп, сұлулықтың адам өміріндегі орнын және ғылым мен өнердің ортақ мұраты ортақ екендігі, әдебиет- адамның жанын тәрбиелейтін , ізгілік пен сұлулыққа жетелейтін күш екендігін айтады.

Е.Бөкетов өнер мен ғылымның біртұтастығын , эстетикалық рух пен адамгершілікті дәріптеп, әдебиетті өмір сүрудің мәндік құралы ретінде көретіндігін айтады.

Тағы бір өлеңінен аударма жасап, мысал келтіретін болсақ,

«Жолынды таңда қателеспе,

Талантты болсаң-асқақтап тол.

Сенімді кірпіш боп қаланып,

Жаңа тұрғызған қабырғаға қон...»

Осы өлең жолдары арқылы ол адамды шынайы ұстанымға шақырады.

Бұл өлеңнің символикасы Е.Бөкетовтың тұлғалық ұстанымын және оның философиялық ойлау мәнерін бейнелейді: талантты адам өз өмірін биік мақсаттарға ғана арнауға тиіс дегенді меңзейді.

Е.Бөкетов:« Сезімді тәрбиелеу - әндерден басталады... әдебиетпен жан - тәніммен айналысамын...» (Бөкетов, 2015:) Бұл дәйексөз арқылы ол әдебиетті тек эстетиканың ғана емес, рухани тәрбиенің негізі болып табылатындығын, сезім тәрбиесі өнерден, әннен бастау алатындығын, әдебиет тек жүрек қалауымен, шын ықыласпен айналысатын іс екендігін айтады.

Бүгінде қоғамда білімді, жауапкершілігі жоғары, креативті ойлайтын белсенді азамат қалыптастыру – басты міндет. Бұл бағытта гуманитарлық ғылымдардың алатын орны ерекше. Педагогика тұлғаны азаматтық жауапкершілікке, шығармашылық белсенділікке тәрбиелейді.

Креативті тұлға – тек жаңа идея тудыратын адам емес, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік мәселелерін шеше алатын, сыни ойлау мәдениеті қалыптасқан азамат. Қазақстандағы білім беру реформалары, «Жаңа Қазақстан» идеясы – креативті тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған.

Қоғамдық проблемалардың ішінде жастар арасындағы құндылық дағдарысы, әлеуметтік теңсіздік, ұлттық бірегейлікті сақтау мәселелері бар. Бұларды шешуде гуманитарлық ғылымдар – ой мен пікірдің тірегі болып табылады. Қазақ философиясы мен Бөкетовтің ақыл-ойлары жастарды әділеттілікке, еңбексүйгіштікке, баулуда жол көрсетеді.

Сыни ойлау мәдениеті – кез келген дамыған қоғамның көрсеткіші, ол жалған ақпаратқа қарсы тұруға, азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, елдің болашағы үшін жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақ философиясы, Е.А. Бөкетовтің шығармашылығы және қазіргі қоғамдағы гуманитарлық ғылымдардың рөлі – өзара сабақтас, олардың барлығы адамды, қоғамды, рухани құндылықтарды жаңғыртуды көздейді. Бүгінгі таңда ұлттық философиялық мұралар мен гуманистік идеялар жастардың ойлау мәдениетін дамытуға, креативті азамат қалыптастыруға, қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал етеді.

Ендеше, педагогика мен гуманитарлық ғылымдар – дәуірлер арасындағы диалогты жалғастырып қана қоймай, болашақтың бағдарын айқындайтын іргелі сала болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әл-Фараби. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары». – Алматы: Ғылым, 1975.
2. Жүсіп Баласағұн. «Құтты білік». – Алматы: Жазушы, 1986.
3. Абай. «Қара сөздер». – Алматы: Раритет, 2010.
4. Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Үш анық». – Алматы: Арыс, 2007.
5. Букетов Е.А. Әдеби және ғылыми еңбектері. – Қарағанды, 1980–1990 жж. жинақтар.
6. Әбділдин Ж.М. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1998.
7. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Жолдаулары. – Астана, 2020–2024.
8. Сыни тұрғыдан ойлау. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021.

УДК 336.6

ФАКТОРНЫЙ АНАЛИЗ ИНВЕСТИЦИОННЫХ ВЛОЖЕНИЙ В ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

Калкабаева Г.М., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан
Курманалина А.К., Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан

Привлечение инвестиций в экономику и их эффективное использование является очень важной задачей для любого государства. Инвестиции служат основой для создания производственных мощностей и инфраструктуры, внедрения современных технологий, что способствует повышению производительности и росту ВВП. Инвестиции, направленные на новые проекты, строительство и модернизацию предприятий, способствуют созданию рабочих мест, что улучшает жизненный уровень населения и обеспечивает социальную стабильность. Хорошо развитое инвестиционное обеспечение экономики помогает стране не отставать от мировых тенденций, создавать привлекательную инвестиционную среду для иностранных инвесторов, повысить экспорт и технологическое развитие. Достаточный объем инвестиций является необходимым условием формирования устойчивой, инновационной и конкурентоспособной экономики, которая может адаптироваться к изменениям и преуспевать на мировом рынке.

Исследуя исторические данные Казахстана, можно отметить, что высокие темпы роста экономики с начала 2000 годов были связаны с высокими темпами роста инвестиций. Однако мировой финансовый кризис 2008-2009 гг. и пандемия COVID-19 привели к тому, что многие экономики испытали замедление ключевого драйвера роста – инвестиций. Экономика Казахстана не стала исключением: уровень инвестиций в основной капитал упал с 31,9% в 2005 году до 14,7% в 2023 году. Это замедление инвестиций наблюдается уже более 10 лет [1].

Замедление инвестиций усугубилось нарастанием диспропорций в инвестиционном обеспечении секторов экономики. Преодоление этих негативных тенденций требует углубленной оценки факторов, влияющих на динамику инвестиций в Казахстане.

В условиях глобализации и неопределенности мировой экономики понимание факторов, влияющих на объемы и направление инвестиционных потоков, становится особенно важным для устойчивого экономического развития. Наиболее актуально это для развивающихся стран и стран с формирующимся рынком, таких как Казахстан, где внешние и внутренние инвестиции играют решающую роль в обеспечении роста экономики. Исследование факторов, определяющих инвестиционные потоки, позволит выявить ключевые проблемы и возможности для улучшения ситуации, разработать стратегии, способствующие наращиванию инвестиционных вложений и их эффективному использованию.

Целью исследования является выявление ключевых факторов, оказывающих влияние на объем инвестиционных вложений в экономику Казахстана, на основе проведения социологического опроса и интерпретации его результатов.